



**БҰЙРЫҚ**

*Салтанат Нұрғалиева*  
Павлодар қаласы

**ПРИКАЗ**

№ 1-05/557/1  
город Павлодар

**«Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогі-2023»  
қалалық байқауын дайындау және өткізу туралы**

Білім беру бөлімінің жұмыс жоспарын орындау және мектепке дейінгі мекеме педагогтерінің кәсібилігі мен мәртебесін арттыру, олардың қызметінің тиімділігін арттыру үшін жағдайлар жасау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2023 жылғы 1 ақпаннан 6 наурызға дейін «Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогі - 2023» қалалық байқауы (бұдан әрі - Байқау) өткізілсін.

2. Байқау туралы ереже, ұйымдастыру комитетінің, қазылар алқасының құрамы бекітілсін (1-6 - қосымша).

3. Білім беру бөлімінің экономика және стратегиялық жоспарлау бөлімі (Г.Т.Медиева) бөлінген қаржы қаражаты шегінде қалалық байқаудың қаржыландыруын қамтамасыз етсін.

4. Бөлімнің әдіскері Н.Қ. Нұрғалиева ұйымдастырушылық іс-шараларды өткізсін, байқаудың өткізу шарттарын қамтамасыз етсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау бөлімнің әдістемелік кабинеті меңгерушісінің міндетін атқарушысы Н.С.Сабитоваға жүктелсін.

Бөлім басшысының  
міндетін атқарушы



*Ж.Асаинова*

Таныстым: *Н.С.Сабитова* әдістемелік кабинеттің меңгерушісі Н.С.Сабитова

001491

**«Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогі»  
қалалық байқау туралы  
ЕРЕЖЕ**

**1. Жалпы ережелер**

1.1. Осы Ереже меншік түріне, нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепке дейінгі ұйымның барлық педагог қызметкерлері арасында «Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогі» республикалық байқауының (бұдан әрі - Байқау) қалалық кезеңін ұйымдастыру тәртібі мен өткізу шарттарын белгілейді, мақсаты мен міндеттерін айқындайды.

1.2. Байқау «Павлодар қаласының білім беру бөлімі» ММ-нің 2023 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі.

1.3. Мақсаты: мектепке дейінгі ұйым педагогінің кәсібі туралы оң қоғамдық пікір қалыптастыру, білім беру үдерісінің сапасына оң әсер ететін қызметті қолдау және мектепке дейінгі ұйымдарда шығармашылықпен жұмыс істейтін педагогтерді ынталандыру.

1.4. Міндеттер:  
мектепке дейінгі білім берудің инновациялық әдістерін, құралдары мен технологияларын анықтау және қолдау;

- мектепке дейінгі білім беру жүйесі педагог қызметкерлерінің шығармашылық бастамасын дамыту, педагогтерді инновациялық қызметке ынталандыру;

мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесіндегі педагогтердің кәсіби шеберлігін және тәрбиеші мамандығының беделін арттыру;

республиканың мектепке дейінгі ұйымдарының педагог қызметкерлерінің кәсіби тәжірибесінің үздік үлгілерін тарату.

**2. Байқау қатысушылары**

2.1. Байқауға меншік нысанына, бейініне, түріне, оқыту мен тәрбиелеу тіліне қарамастан, педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 3 жыл (педагог-психологтерді қоспағанда) кем емес мектепке дейінгі ұйымдардың барлық педагог қызметкерлері қатысады.

2.2. Соңғы 5 (бес) жыл ішінде «Жыл тәрбиешісі, «Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогі» байқауының жүлдегерлері болып табылатын педагогтердің кандидатуралары қарауға жіберілмейді.

### 3. Ұйымдастыру комитеті мен байқаудың қазылар алқасының жұмысы

3.1. Байқауды өткізу үшін білім беру бөлімі ұйымдастыру комитетін (6 - қосымша), байқауға қатысушылардың кәсіби қызметін сараптау және бағалау үшін қазылар алқасын құрады (5-қосымша).

Ұйымдастыру комитеті байқаудың ұйымдастырушылық-әдістемелік басшылықты жүзеге асырады және анықтайды:

- байқаудың қазылар алқасының құрамын;
- байқау материалдарын рәсімдеуге қойылатын талаптарды.

3.2. Ұйымдастыру комитеті байқаудың дайындау және өткізу барысында туындаған мәселелерді қарайды, сондай-ақ байқау жеңімпаздарын марапаттауды ұйымдастырады, байқау материалдарын ұсыну нысанын белгілейді, байқаудың қазылар алқасының жұмыс кестесін жасайды, әр кезеңді өткізу тәртібін анықтайды және т.б.

3.3. Байқауды ұйымдастыру және өткізу үшін барлық кезеңдерде қазылар алқасының құқықтары берілген байқаудың комиссиясы құрылады.

3.4. Байқау комиссиясының құрамына ұйымдардың басшылары, жоғары білікті педагогтер, білім беру басқармаларының (бөлімдерінің) мамандары, мектепке дейінгі білімге жетекшілік ететін орталықтардың әдіскерлері және т. б. кіреді.

3.5. Байқаудың комиссия мүшелері қатысушылардың ұсынған материалдарын зерделейді, жеңімпаздарды анықтайды. Байқаудың қорытындысы бойынша жеңімпаздар анықталады, олар келесі кезеңдерге қатысу үшін жіберіледі.

3.6. Байқаудың қалалық кезеңінің жеңімпаздары байқаудың облыстық кезеңіне жіберіледі.

3.7. Байқаудың қазылар алқасы:

- келіп түскен материалдарға сараптама жүргізеді;
- кәсіби шеберлік деңгейін бағалайды.

### 4. Байқаудың өткізу тәртібі, нысандары мен мерзімдері

4.1. Байқау екі кезеңде өткізіледі:

I кезең: «Педагогикалық портфолио» E-Portfolio электрондық порталы арқылы сырттай форматта.

II кезең: «Балалармен өткізілетін педагогикалық іс-шаралар».

#### **кезең «Педагогикалық портфолио»**

Мақсаты: байқауға қатысушының ұсынылған материалдарын зерделеу, педагогтерге кәсіби шеберліктерін көрсетуге мүмкіндік беру, байқаудың II кезеңі үшін қатысушыларды іріктеу.

Қатысушыларды тіркеу-электрондық өтінім (2-қосымша), ақпараттық карта (3-қосымша), байқау материалдары (4-қосымша) қазақ немесе орыс тілдерінде **2023 жылғы 10 ақпанға дейін** E-Portfolio электрондық порталына жүктеледі. Көрсетілген мерзімнен кеш түскен өтінімдер, материалдар қаралмайды.

П

е

д

а

р

жүргізіледі. I кезеңнің қорытындысы: **2023 жылғы 20 ақпан.**

Мақсаты: мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің ұсынылған тақырыптар бойынша тәрбие мен оқытудың өзекті мәселелерін шешу бойынша педагогикалық қызметті жобалау қабілетін бағалау, байқауға қатысушының кәсіби шеберлік деңгейін анықтау.

I турдың қорытындысы бойынша ең көп балл жинаған қатысушылар (ең жоғары балл санынан 50% және одан көп) II турға өтеді.

#### 4.3.1. II тур екі кезеңнен тұрады:

1 кезең: «Балалармен ұйымдастырылған іс-шаралар» практикалық алаңы.

2 кезең: «Педагогикалық олжа» диалог алаңы.

#### 4.3.2. I кезең «Балалармен ұйымдастырылған іс-шаралар».

Мақсаты: практикалық қызмет барысында кәсіби құзыреттілікті бағалау.

Байқауға қатысушы балалармен ұйымдастырылған іс-шараларды өткізу жоспарын ұсынады, онда:

- мақсаты, негізгі міндеттері;
- іс-шараның мазмұны;
- күтілетін нәтиже;
- іс-шараны талдау.

Балалармен ұйымдастырылған іс-шаралар байқаудың ұйымдастыру комитеті көрсеткен тақырып бойынша байқауға қатысушы таңдаған жас санатына сәйкес қалалық мектепке дейінгі ұйымның базасында өткізіледі.

II турға қатысушының білім беру ұйымдары **2023 жылғы 22 ақпанға дейін** байқаудың ұйымдастыру комитетінің атына Павлодар қаласының мектепке дейінгі ұйымының базасында байқауға қатысушылар практикалық ұйымдастырылған қызметті өткізу үшін тәрбиеленушілердің жас санаты туралы ақпарат береді.

Ұйымдастырылған қызметті өткізу кестесі мен тақырыбы байқау қатысушыларына II турды өткізуден бір күн бұрын жарияланады.

Ұйымдастырылған қызметті жүргізу техникасына қойылатын талаптар:

- ҰҚ шығармашылық презентация тақырыбына сәйкес келуі керек;
- ҰҚ эмоционалды болуы керек, білімге деген қызығушылықты оятып, білімге деген қажеттілікті тәрбиелеуі керек;
- ҰҚ қарқыны мен ырғағы оңтайлы, мұғалім мен балалардың әрекеттері толық болуы керек;
- ҰҚ барысында педагог пен тәрбиеленушілердің өзара іс-қимылында толық байланыс қажет, педагогикалық әдептілік пен педагогикалық оптимизм сақталуы тиіс;
- балалардың іс-әрекетін өзгерту және біріктіру керек, оқытудың әртүрлі әдістері мен тәсілдерін оңтайлы үйлестіру керек;
- мұғалім әр баланың білім беру қызметіне белсенді қатысуын қамтамасыз етуі керек.

«Балалармен ұйымдастырылған іс-әрекет» I кезеңін бағалау критерийлері:

- мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын игеруге ҰҚ бағыттылығы (мах 5 балл);
- қойылған мақсаттар мен міндеттердің алынған нәтижелерге сәйкестігі (мах 5 балл);
- әдістемелік құзыреттілік: балалардың жасына форманың, мазмұнның, әдістер мен тәсілдердің сәйкестігі (мах 5 балл);
- балаларды таңдалған мазмұнмен және қызмет түрімен қызықтыра білу (мах 5 балл);
- топ балаларының өзара іс-қимылын/ынтымақтастығын ұйымдастыру (мах 5 балл);
- балалардың белсенділігі мен ынталығын есепке алу және қолдау (мах 5 балл);
- жалпы мәдениет, мұғалімнің қарым-қатынас мәдениеті (мах 5 балл);
- мұғалімнің шығармашылық қабілеттері (мах 5 балл).

Ең көп ұпай саны - 40 балл.

#### 4.3.3. 2 кезең «Педагогикалық олжа»

Мақсаты: байқауға қатысушының мәлімделген шығармашылық тұсаукесер тақырыбының әдістемелік және практикалық негізін ашуы. Шығармашылық тұсаукесерде міндетті түрде балалармен ұйымдастырылған іс-әрекетте көрсетілетін ереже (сұрақ, сәт) көрсетіледі. Презентацияның көлемі: 7 слайдтан аспауы керек, сөйлеу уақыты 5-7 минут.

##### Шығармашылық презентация мазмұнының құрылымы:

1. Білім беру қатынастарының барлық қатысушыларымен өзара іс-қимыл жасау кезінде қалыптасқан жеке кәсіби педагогикалық тәжірибе;
2. Қатысушы пайдаланатын (пайдаланылған) білім беру бағдарламасын (бағдарламаларын) іске асырудың мақсаттары мен міндеттері;
3. Мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық-жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, олардың дамуын қамтамасыз ететін қолданылған технологиялардың, әдістердің және жұмыс амалдарының нақты сипаттамасы;
4. Жеке тұлға дамуының әлеуметтік жағдайын қамтамасыз ететін тәрбиеленушілердің жеке кәсіби құзыреттері мен мүмкіндіктерін және соның салдарынан жетістіктерін талдау;
5. Байқауға қатысушының мектепке дейінгі ұйымдағы пәндік-кеңістіктік дамытушы білім беру ортасын ұйымдастыруға қосқан үлесі.

##### «Педагогикалық олжа» 2 кезеңін бағалау критерийлері:

- ұсынылған жұмыстың өзектілігі (мах 5 балл);
- ұсынылған жұмыстың практикалық маңыздылығы (мах 5 балл);
- ұсынылған тәжірибенің жаңашылдығы (мах 5 ұпай);
- ұсынылған жұмысты құрудың қисындылығы (мах 2 балл);
- ұсынылған тақырыптың мазмұнға сәйкестігі (мах 2 балл);
- материалды ұсынудың өзіндік ерекшелігі (мах 2 ұпай);
- жалпы мәдениет (қарым-қатынас, сөйлеу мәдениеті) (мах 2 ұпай).

Ең көп ұпай саны-23 балл.

## 5. Қатысу шарттары

Байқауға қатысу үшін:

5.1. Байқаудың ережесімен, оны өткізу кестесімен танысу.

5.2. E-Portfolio-ға тіркелу. E-Portfolio - электрондық портфолио, педагогтердің оқу немесе кәсіби жетістіктерінің өсуін көрсететін деректер базасы бар электрондық портал.

5.3. Белгіленген нысан бойынша электрондық өтінімді ресімдеу.

5.4. Комиссия мүшелеріне E-Portfolio электрондық порталында байқау қатысушыларының өтінімдерін, құжаттары мен материалдарын қарау үшін рұқсат беріледі.

## 6. Байқау қатысушыларына қойылатын талаптар

6.1. Байқауға қатыса отырып, автор автоматты түрде тегін пайдалануға, көпшілікке таратуға, Интернет желісінде орналастыруға, шығармашылық жобаларға енгізуге, БАҚ-та жариялауға, өңдеуге шартсыз құқықтар береді. Байқауға қатысушының материалдары рецензияланбайды және қайтарылмайды.

6.2. Материалды ұсына отырып, қатысушы өз келісімін:

- өзінің дербес деректерін пайдалануға және (тегі, аты, әкесінің аты, электрондық поштасын, сурет (фотосуреттер) және өзге де дербес деректерді) өңдеуге;

- сайтта, сондай - ақ баспа басылымдарында, радио және теледидар хабарларында, Интернет-БАҚ-та және You Tube, Facebook-ті қоса алғанда (шектеусіз) ақпаратты таратудың өзге де құралдарында өз атын, тегін, әкесінің атын және суретін (фотосуреттерін) орналастыруға береді.

## 7. Қорытындылау, жеңімпаздарды марапаттау

Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогі» облыстық байқауының қорытындысы бойынша келесі жүлделі орындар белгіленеді:

**Бас жүлде** (максималды балдан 90-100%);

**I орын** (максималды балдан 80-90%);

**II орын** (максималды балдан 70-80%);

**III орын** (максималды балдан 60-70%).

**Номинациялар:** «Креативті педагог», «Шығармашыл педагог», «Мамандыққа адалдық»

7.2. Байқаудың қалалық кезеңінің жеңімпаздарына МДМ педагогтерінің қалалық, облыстық семинарларында өз жұмысын таныстыруға мүмкіндік беріледі.

7.3. Байқаудың қорытындысы мен жүлдегерлерді марапаттау Мұғалімдер күніне арналған қалалық салтанатты іс-шарада өткізіледі, ал байқауға ұсынылған жеңімпаздардың материалдары ҚБ сайтында және олардың ресми әлеуметтік желілерінде жарияланатын болады.

**Анықтама телефоны:** 87774497178.

Павлодар қаласы білім беру бөлімінің  
2023 ж 01. 09. № 01/55.1/1 бұйрығына  
2 қосымша

**«Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогі»  
байқау қатысушысының ақпараттық картасы**

(фото 4*6 см)	_____
	(тегі)
	_____
	(аты, әкесінің аты)

<b>Алған күні</b>	
<b>1. Жұмысы</b>	
Жұмыс орны (Жарғыға сәйкес мектепке дейінгі ұйымның атауы)	
Атқаратын лауазымы	
Жалпы еңбек және педагогикалық өтілі (картаны толтыру кезіндегі толық жасы)	
Қазіргі уақытта қандай топтарда жұмыс істейсіз	
Біліктілік санаты	
Құрметті атақтары мен марапаттары (атауы және алған күні)	
<b>2. Білімі</b>	
Атауы, кәсіптік білім беру ұйымын бітірген жылы, факультет	
Мамандығы, диплом бойынша біліктілігі	
Біліктілікті арттыру курстары (соңғы үш жылда)	
Жарияланымдар (соңғы үш жылда)	
<b>3. Қоғамдық қызметі</b>	
Әдістемелік бірлестіктің жұмысына қатысу	
Республикалық, облыстық, халықаралық бағдарламалар мен жобаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысу (қатысу мәртебесін көрсете отырып)	
<b>4. Байланыс түрлері</b>	
Ұялы телефон	
Жеке электрондық пошта	
Интернеттегі МДМ сайттың мекен-жайы	

202\_\_ ж «\_\_» \_\_\_\_\_

Ескертпе: байқауға қатысушының ақпараттық картасы E-Portfolio-ғы «Қосымша мәліметтер» қосымша парағына жүктеледі.

Павлодар қаласы білім беру бөлімінің  
2023. ж 01.19. № 1-03/552/1 бұйрығына  
3 қосымша

**E-Portfolio-да қатысушының электрондық өтінімінде мыналар болуы тиіс:**

Тегі, Аты, Әкесінің аты	
Жұмыс орны (білім беру мекемесінің толық атауы)	
Лауазымы	
Туған күні	
Білімі (оқу орнының атауы, факультеті, бітірген жылы)	
Санаты	
Педагогикалық өтілі, лауазымдағы өтілі	
Атақтар, марапаттар, сыйлықтар, ғылыми дәреже (атаулары мен алған күндері)	
«Білім берудегі менеджмент» бағдарламасы бойынша біліктілікті арттыру курстары кемінде 72 сағат (бар болса)	
Қатысушының жетістіктері (соңғы үш жылдағы деңгейлер бойынша)	
Қосымша мәліметтер. Атап өтуге лайықты фактілер	
Байланыс телефондары: үй, ұялы телефон (WhatsApp), жұмыс телефоны	
E-mail	



Павлодар қаласы білім беру бөлімінің  
2023 ж 01.09 №1-03/55/1 бұйрығына  
4 қосымша

### Байқау қатысушысының E-Portfolio бағалау критерийлері (жетістіктері)

1. Педагогтің кәсіби белсенділігі: шығармашылық топтың жұмысына қатысу; ұйымдастыру комитетінің, қазылар алқасының және т. б. қатысу.
2. Педагогтің білім беру басқармасы органдарының қолдауымен ұйымдастырылатын кәсіби байқауларға қатысуы.
3. Инновациялық қызметке қатысу.
4. Әр түрлі деңгейдегі педагогикалық тәжірибені жалпылау бойынша жұмыс.
5. Оқушылардың әртүрлі деңгейдегі іс-шараларға қатысуының тиімділігі.
6. Педагог қызметкердің үш жылдағы инновациялық тәжірибесі туралы жарияланымдарының болуы: ғылыми-практикалық конференциялардағы, семинарлардағы баяндамалары, баспасөздегі, желілік қоғамдастықтағы мақалалары және т. б.
7. ҚР БҒМ № 514 бұйрығына сәйкес келетін жетістіктердің (3 жыл ішіндегі марапаттар, грамоталар, атақтар, дипломдар) болуы.

Павлодар қаласы білім беру бөлімінің  
2023 ж 01.13 №1-03/55/1 бұйрығына  
5 қосымша

### «Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогі» қалалық байқауының қазылар алқасы

1. **Асаинова Жанат Қабатайқызы** - қазылар алқасының төрағасы, «Павлодар қаласының білім беру бөлімі» ММ басшысының орынбасары.
2. **Крыкбесова Бахтылы Кайрулловна** - қазылар алқасының мүшесі, «Павлодар қаласының білім беру бөлімі» ММ әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.
3. **Подобинская Людмила Витальевна** - қазылар алқасының мүшесі, Павлодар облысы «Өрлеу» БАҰО АҚ аға оқытушысы.
4. **Жанғазина Саулет Бөлтірікқызы** - қазылар алқасының мүшесі, Б. Ахметов атындағы жоғары педагогикалық колледждің мектепке дейінгі тәрбие және оқыту бөлімінің меңгерушісі.
5. **Нүркенова Замзагүл Мәдиқызы** - Б. Ахметов атындағы жоғары педагогикалық колледжінің арнайы пәндер оқытушысы.

**Нұрғалиева Нүргүл Қайроллақызы** - комиссия хатшысы, «Павлодар қаласының білім беру бөлімі» ММ әдіскері.

Павлодар қаласы білім беру бөлімінің  
2023 жолы 19 №03/55.7/1 бұйрығына  
6 қосымша

**«Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогі»  
қалалық байқаудың ұйымдастыру комитеті**

1. **Нұрғалиева Нұргүл Қайроллақызы** – «Павлодар қаласының білім беру бөлімі» ММ әдіскері.
2. **Рахымжанова Құндыз Мұратханқызы** - «Павлодар қаласының білім беру бөлімі» ММ әдіскері.